

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Солтүстік Атлант Шартының Техникалық қызмет көрсету және қамтамасыз ету жөніндегі ұйымы (NAMSO) арасында материалдық-техникалық қамтамасыз ету саласындағы өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы меморандум жасасу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2003 жылғы 4 ақпан N 127

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Солтүстік Атлант Шартының Техникалық қызмет көрсету және қамтамасыз ету жөніндегі ұйымы (NAMSO) арасында материалдық-техникалық қамтамасыз ету саласындағы өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы меморандумның жобасы мақұлданды.

2. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі Мұхтар Қапашұлы Алтынбаевқа Меморандум мәтініне қағидатты сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Солтүстік Атлант Шартының Техникалық қызмет көрсету және қамтамасыз ету жөніндегі ұйымы (NAMSO) арасында материалдық-техникалық қамтамасыз ету саласындағы өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы меморандум жасасуға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2003 жылғы 4 ақпандағы  
N 127 қаулысымен  
бекітілген

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Солтүстік Атлант Шартының Техникалық қызмет көрсету және қамтамасыз ету жөніндегі ұйымы (NAMSO) арасында материалдық-техникалық қамтамасыз ету саласындағы өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы  
МЕМОРАНДУМ**

**Кіріспе**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Солтүстік Атлант Шартының Техникалық қызмет көрсету және қамтамасыз ету

жөнiндегi ұйымы (NAMSO):

осы Меморандумның Тараптар арасындағы материалдық-техникалық қамтамасыз ету саласындағы қарым-қатынастарды құру үшін құқықтық негiз болып табылатындығын;

Қазақстан Республикасы "Бейбiтшiлiк жолындағы әрiптестiк" бағдарламасына кiруге шақыруды қабылдай отырып, 1994 жылғы 27 мамырда "Бейбiтшiлiк жолындағы әрiптестiк" бағдарламасының шектi құжатына қол қоя отырып, көрсетiлген бағдарламаның әрiптес елi болып табылатындығын;

Тараптардың Солтүстiк Атлант Шарты Техникалық қызмет көрсету және қамтамасыз ету жөнiндегi ұйымының (NAMSO) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерiне техникалық көмек пен материалдық-техникалық қызмет көрсету мәселелерi бойынша өзара түсiнiстiкке қол жеткiзгенiн;

Солтүстiк Атлант Шартының Техникалық қызмет көрсету және қамтамасыз ету жөнiндегi ұйымы (NAMSO) директорлар кеңесiнiң Қазақстан Республикасына техникалық қызмет көрсету және материалдық-техникалық қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсетулер ұсынуға келiскендiгiн;

Солтүстiк Атлант Шартының Техникалық қызмет көрсету және қамтамасыз ету жөнiндегi ұйымы (NAMSO) директорлар кеңесiнiң "Бейбiтшiлiк жолындағы әрiптестiк" бағдарламасына қатысушы мемлекетпен ынтымақтастық контекстiнде Солтүстiк Атлант Шарты ұйымына мүше елдердiң Солтүстiк Атлант Шартының материалдық-техникалық қызмет көрсету және қамтамасыз ету жөнiндегi ұйымы агенттiгi (NAMSA) бағдарламаларының құнын төмендетуге жалпы мүдделiлiгiн ұғынатындығын;

Солтүстiк Атлант Кеңесi осы Меморандумды жасасу туралы Солтүстiк Атлант Шартының Техникалық қызмет көрсету және қамтамасыз ету жөнiндегi ұйымы (NAMSO) директорлар кеңесiнiң ұсынымдарын мақұлдай отырып, осы Меморандумға қол қою Қазақстан Республикасына қандайда бiр болмасын жағдайда Солтүстiк Атлант Шарты ұйымына мүшелiк мәртебесiн немесе мұндай мәртебенiң талап ету құқығын бермейтiндiгiн;

Қазақстан тарапы Солтүстiк Атлант Шартының Техникалық қызмет көрсету және қамтамасыз ету жөнiндегi ұйымына (NAMSO) оның қару-жарақ жүйелерi саласындағы бағдарламаларының (ҚЖБ) шеңберiнде ұсынатын қызмет көрсетулерiне мүдделiлiк бiлдiргендiгiн назарға ала отырып;

мыналар туралы келiстi:

#### **Анықтамалар/аббревиатуралар**

Осы Меморандум мәтiнiнде және одан туындайтын Келiсiмдердiң мәтiндерiнде:

"NATO" - Солтүстiк Атлант Шарты Ұйымын бiлдiредi;

"NAMSO" - Солтүстiк Атлант Шартының Материалдық-техникалық қызмет көрсету және қамтамасыз ету жөнiндегi ұйымын бiлдiредi;

"NAMSA" - Солтүстік Атлант Шартының Материалдық-техникалық қызмет көрсету және қамтамасыз ету жөніндегі агенттігін білдіреді;

"БЖӘ" - 1994 жылғы 10-11 қаңтарда Брюссель қаласындағы Солтүстік Атлант Шарты ұйымы саммитінде бекітілген "Бейбітшілік жолындағы әріптестік" бағдарламасын білдіреді;

"Техникалық ақпарат" - кез келген форматтағы, құжаттық сипаттағы немесе беру тәсіліндегі ғылыми және техникалық сипатта жазылған және құжатталған ақпарат. Осы ақпаратқа мыналар енуі мүмкін, бірақ мыналармен шектелмеу керек: эксперименттік немесе сынақ деректері, техникалық шарттар, жоспарлар мен жоспарлау процестері, патент қабілетті, сонымен бірге патент қабілетсіз өнертабыстар мен ашылған жаңалықтар, техникалық сипаттамалар және басқа да техникалық сипаттағы жұмыстар, жартылай өткізгішті материалдардың кескін үйлесімдері жөніндегі жұмыстар, техникалық және өндірістік деректер пакеттері, ноу-хау мен коммерциялық құпиялар, сондай-ақ өндірістік технологияларға қатысты ақпарат. Ол құжаттар, графикалық репродукциялар, суреттер және басқа да графикалық көріністер нысанында, дискілер мен фильмдер жазбасы (оптикалық, магниттік және лазерлік), компьютерлік және деректер базасы, компьютерлік басу қондырғылары мен компьютерлік жадының деректері және басқа кез келген нысандарда бола алады;

"ҚЖБ" - қару-жарак жүйелері саласындағы әріптестік бағдарламасы.

"С-М(2002)49 құжаты" - Солтүстік Атлант Шарты ұйымы мен Солтүстік Атлант ынтымақтастық кеңесіне және/немесе Қазақстан Республикасы 1996 жылғы 31 шілдеде қол қойған "Бейбітшілік жолындағы әріптестік" бағдарламасына қатысушы мемлекеттер арасындағы қауіпсіздік туралы келісім.

## **1-бап**

### **Мақсаты**

Осы Меморандум Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне Техникалық қызмет көрсету және материалдық-техникалық қамтамасыз ету салаларындағы NAMSO іс-шараларын жүргізудің құқықтық негізін айқындайды.

## **2-бап**

### **Ынтымақтастықтың бағыттары**

Ынтымақтастық техникалық қызмет көрсету, әскери техникалық мүлікті сатып алу және оларды жөндеу бойынша қызмет көрсетулерді орындау, тылдық қолдау саласына жаңа технологияларды енгізу және материалдық техникалық қамтамасыз етуді, әскери техника мен оларға қосалқы бөлшектер жеткізуді ұйымдастыру кезінде қаржы шығыстарын азайту, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қару-жарак жүйелерін дамыту бағдарламаларына қатысуын қамтамасыз ету, ақпарат және

мамандардың сапарлар алмасуы жолымен тыл саласындағы екі жақты байланыстарды дамыту жөніндегі арнайы тыл іс-шаралары түрінде жүргізіледі.

### **3-бап**

#### **Іске асыру**

1. Осы Меморандумды іске асыру мақсатында Тараптар Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін материалдық-техникалық қамтамасыз ету мәселелері бойынша жекелеген келісімдер (бұдан әрі - Келісім және/немесе Келісімдер ) ж а с а с а т ы н б о л а д ы .

2. Келісімдер және ҚЖБ-ға қатысу міндетті түрде Тараптардың, сондай-ақ қару мен жабдықты шығарған мемлекет үкіметінің мақұлдауын талап етеді.

### **4-бап**

#### **Қаржылық мәселелер**

Келісімдерді іске асыру кезінде Тараптардың қаржылық міндеттемелері тиісті Келісімдер күшіне енген сәттен басталады.

### **5-бап**

#### **Сақтандыру жөніндегі міндеттемелер**

1. Тараптардың әрқайсысы осы Меморандум бойынша материалдарды немесе қызмет көрсетулерді ала отырып, жарақаттар (Тараптар қызметкерлерінің өліміне әкеліп соққан жарақаттарды қоса алғанда), мүлікті жоғалтулар мен оған зақым келулер бойынша талап қоюдан бас тартады.

2. Тараптар Тараптардың біріне қатысты туындаған үшінші тарап әрекетінен пайда болған талаптардан және/немесе қандай да бір болмасын сипаттағы әрекеттерден қорғау бойынша өзара көмек көрсететін болады.

3. Осы баптың 1 және 2-тармағында аталған талаптардан бас тарту және қорғау қасақана заңсыз әрекет және шектен тыс ұқыпсыздық оқиғаларына, сондай-ақ Келісімдерде арнайы аталған жағдайларға қолданылмайды.

4. Келісімдер әрбір қызмет түрі мен міндеттерге арналған материалдар мен қызмет көрсетулерді сақтандыруға қатысты кепілдемелердің шарттарымен жіктелуі тиіс.

5. Келісімдерге сәйкес NAMSО ұйымдастыратын жүктерді жөнелту Қазақстан тарапының уәкілетті органынан нақты сұрату келіп түскенге дейін сақтандырусыз жүретін болады. Осы сұратулардан кейін сақтандыру құны NAMSО-да кейінге қалдырусыз өтеледі.

## **6-бап**

### **Менеджмент**

1. Осы Меморандумның ережелерін іске асыруды Тараптардың уәкілетті органдары жүзеге асырады:

Қазақстан тарапынан - Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі;  
NAMSО тарапынан - NAMSА.

2. Осы Меморандумның ережелерін іске асыру жөніндегі байланыстарды Меморандумның А қосымшасында көрсетілген лауазымды адамдар жүзеге асырады.

## **7-бап**

### **Қауіпсіздік жөніндегі талаптар**

1. Тараптар өнеркәсіптік қауіпсіздік жөніндегі үйлестірілген бағдарламаны С-М(2002)49 құжатының негізінде әзірлейді және қолданатын болады.

2. Келісімдердің шарттарына сәйкес Тараптар басқа Тарапқа беретін ақпараттың құпиялылық дәрежесі туралы бір-бірін хабардар ететін болады.

3. Кез келген құпия ақпаратпен алмасу, осындай ақпараттан тұратын келісім-шарттарды қоса алғанда, С-М(2002)49 құжатының талаптарына сай болуы тиіс.

## **8-бап**

### **Техникалық ақпарат алмасу**

Тараптар арасында беруге, таратуға немесе басқа тәсілмен алмасуға жататын, зияткерлік меншік объектісі болып табылатын техникалық ақпараттарға мынадай талаптар қолданылады.

1. Тараптардың әрқайсысы өзіне мынадай міндеттемелер алады:

1) басқа Тарапқа тиесілі ақпаратты тек Келісімдердің мақсаттары үшін ғана пайдалану;

2) басқа Тарапқа тиесілі ақпараттың толық құпиялылығын қамтамасыз ету және оны ашуға, үшінші тарапқа осындай ақпаратты басқа да тәсілмен беруге жол бермеу;

3) басқа Тарапқа тиесілі ақпаратты құпия ақпарат ретінде ұстау және оның қауіпсіздігін, қорғауды және бақылауды қамтамасыз ету. Қабылдаушы Тарап мүлікті мақсатсыз ашуға, жария етуге, таратуға немесе оны беруге жол бермеу мақсатында зияткерлік меншік объектісі болып табылатын мүлікті күзетеді, қорғайды және бақылау жасайды.

2. Мынадай жағдайларда техникалық ақпарат мүліктік құқық объектісі, сондай-ақ қабылдаушы тарап міндеттемелерінің мәні болып табылмайды:

1) қабылдаушы Тараптың қасақана немесе заңсыз әрекеттерінің себебінен емес,

ж а л п ы ғ а   ж а р и я   б о л ғ а н д а ;

2) ұқсас шектеулер мен осы Меморандумды бұзусыз үшінші тарап заңды түрде ұ с ы н ғ а н д а ;

3) беруші Тарап жазбаша түрде жариялауға және пайдалануға рұқсат бергенде.

3. Тараптар арасында әзірше жазбаша уағдаластыққа қол жеткізілмесе Келісімдерде бар техникалық ақпарат қандайда бір болмасын құқықтар алу үшін негіз болып табылмайды және әрбір Тараптың меншігі болып табылады.

## **9-бап**

### **Салықтар мен баждар**

Осы Меморандумның шеңберінде жүзеге асырылатын және одан туындайтын келісімдер, NAMSО, оның мүлкі мен материалдық-техникалық қызмет көрсету және қамтамасыз ету жөніндегі қызметі мыналардан босатылады:

1) тікелей және жанама салықтардың барлық түрінен;

2) NAMSО қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының аумағында сату мақсатында пайдаланылмайтын жеке пайдалану тауарларының импорты мен экспортына байланысты кеден баждарынан, шектеулерден немесе тыйым салулардан;

3) тек қана материалдық-техникалық қызмет көрсету және қамтамасыз ету мақсатында пайдаланылатын баспа материалдарын импорттау мен экспорттауға байланысты кеден баждарынан, шектеулерден немесе тыйым салулардан.

## **10-бап**

### **Сапарларды өткізу рәсімдері**

1. Тараптардың өкілдері олардың сұратулары бойынша Келісім негізінде жүргізілетін тестілеу және сынақ өткізуге арналған мемлекеттік және жеке меншік объектілерге кіруге рұқсат алуы мүмкін.

2. Сапарлар С-М(2002)49 құжатының ережелерін сақтай отырып жүргізіледі. Барлық келушілер сондай-ақ қабылдаушы Тарап белгілеген қосымша қауіпсіздік және сақтау шараларын сақтайтын болады. Келушілерге хабарланатын техникалық ақпаратқа, олар келушілерді жіберген Тарапқа берілген болса, онда сол бір ереже қолданылады.

## **11-бап**

### **Тіл**

Барлық ресми құжаттамаларды жүргізу ағылшын және француз тілдерінде жүзеге асырылатын болады.

## **12-бап**

### **Түзетулер**

Тараптардың өзара келісуі бойынша осы Меморандумға осы Меморандумның ажырамас бөлігі болып табылатын жекелеген хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Осы Меморандумның А қосымшасы оның ажырамас бөлігі болып табылады және онымен бір мезгілде күшіне енеді.

## **13-бап**

### **Меморандумды жасасу мерзімі және оның қолданысын тоқтату тәртібі**

1. Осы Меморандум бес жыл мерзімге жасалады және егер Тараптардың бірі оның әрекетін тоқтату ниеті туралы кезекті кезеңнің аяқталуына дейін кемінде алты ай бұрын басқа Тарапқа жазбаша хабарлама жібермесе, автоматты түрде келесі бес жылдық кезеңге ұзартылатын болады.

Егер Тараптардың бірі осы Меморандумнан бес жылдық мерзім біткенге дейін шығуға ниеттенсе, ол басқа Тарапқа өзінің ниеті туралы ағымдағы жылдың 31 желтоқсанына дейін жазбаша хабарлама береді.

2. Тараптар осы Меморандумнан немесе келесі Келісімдерден шығуға ниеттенген жағдайда Тараптар одан шығудың неғұрлым қанағаттанарлық шарттарына қатысты уақытылы бірлескен консультация өткізеді.

3. Осы Меморандумның әрекетін тоқтатудың ықтимал күні туралы хабарлама алғаннан кейін шығу туралы мәлімдеген Тарап Меморандум қолданысын тоқтатқан күнге дейін өз міндеттемелерін толық орындайды.

4. Егер Тараптар осы Меморандумның әрекетін тоқтату туралы өзара шешімге келсе, онда олар оның әрекетін тоқтату жөніндегі Кез келген шығыстарды бірлесіп көтеретін болады.

5. Тараптар осы Меморандумның әрекеттеріне және/немесе әрекетін тоқтатуына карамастан, Келісімдер бойынша дауларды, талаптар мен міндеттемелерді шешу тәртібі жөніндегі өз құқықтары мен міндеттемелерін сақтайтын болады.

## **14-бап**

### **Дауларды шешу**

Тараптар арасында туындаған және осы Меморандумды түсіндірумен немесе қолданумен байланысты кез келген келіспеушіліктер олардың арасындағы келіссөздер барысында үшінші тарапты тартпастан шешілетін болады.

## 15-бап

### Күшіне енуі

Осы Меморандум NAMSО-ның Қазақстан Тарапының оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді өткізгені туралы хабарламасын алған күнінен бастап күшіне енеді.

200 жылғы " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ қаласында екі түпнұсқа данада, әрқайсысы қазақ, ағылшын, француз және орыс тілдерінде жасалды, әрі барлық мәтіндердің бірдей күші бар. Осы Меморандумның ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

*Қазақстан Республикасының  
Үкіметі үшін*

*Солтүстік Атлант Шартының  
Техникалық қызмет көрсету және  
қамтамасыз ету жөніндегі ұйымы*

*(NAMSО) үшін*

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Солтүстік Атлант Шартының  
Техникалық қызмет көрсету және қамтамасыз ету жөніндегі ұйымы (NAMSО)  
арасында материалдық-техникалық қамтамасыз ету саласындағы өзара түсіністік  
және ынтымақтастық туралы меморандумның**

#### **А қосымшасы**

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Солтүстік Атлант Шартының Техникалық қызмет көрсету және қамтамасыз ету жөніндегі ұйымы (NAMSО) арасындағы материалдық-техникалық қамтамасыз ету саласындағы өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы меморандумның ережелерін іске асыру жөніндегі байланыстарды жүзеге асыратын адамдар:

*Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінен:*

*Қазақстан Республикасы*

*Бельгия*

*Телефон:*

*Қорғаныс министрлігінің*

*Брюссель қ.*

*003227072748*

*НАТО-ның штаб-пәтері*

*НАТО штаб-пәтері, Факс:*

*жанындағы әскери өкілі VA ғимараты, 1100 003227072749*

*NAMSО-дан:*

*Заң мәселелері жөніндегі  
кеңесші*

*Люксембург Ұлы*

*Телефон:*

*Герцогтігі L-8302 0035230636554*

*Капеллен қ.*

*Факс:*

00352308721



© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК